

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

мейірімділік дәрежесіне көтерілмейді. Мейірімділікті қалыптастыруда ислам дінінің рөлі өлшеусіз және әлі де тәрбиенің ең тиімді құралы.

Техникалық нормалар.Әлеуметтік нормалардың бір түрі ретінде адамдардың техникамен табиғатты игеруде қабылданған нормалардың жиынтығы. Бұл нормаларды қолдану ғылыми-техникалық прогресс дамыған сайын арта түседі. Табиғаттың Құпия заңдарын ашу және оны адам игілігіне пайдалану тарихи дамудың талабы болып табылады. Сонымен қатар техникалық нормаларды сақтамау адамзатқа өлшеусіз зардаптар туғызуы мүмкін. Мысалы, атомды бейбіт өмірде пайдалану барысында бекітілген техникалық нормаларды сақтамау электростанциясының жарылуына әкеп соқтырып, радиацияның таралуынан зардаптардың болуы және т. б. Техникалық нормалар экологиялық, техникалық құралдарды пайдаланудағы нормалар, санитарлық-гигиеналық, агрономиялық және т.б. нормаларға бөлінеді. Техникалық нормаларды сақтау және оларды бұлжытпай орындау өмір талабы және оларды бұзу үлкен катастрофаларға әкеп соғуы мүмкін.

Қорыта келгенде қоғамның әрбір мүшесі өмірлерінің мәнін құрайтын маңызды бөліктерінің бірі құндылық деп түсіну қажет. «Құндылық – адамның ішкі құқығы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», – дегендей саналы азаматтың өзіне деген сенімі артып, биік белестерді бағындырады.

Пайдаланылатын әдебиеттер

1. Бердібаева С.Қ. «Тұлға психологиясы» Алматы, Қазақ университеті. 2016ж.
2. Жарықбаев Қ.Б. «Он томдық таңдамалы шығармалар жинағы» Алматы, Қазақ университеті. 2016ж.
3. Жарықбаев Қ.Б. «Қазақ психология ғылымы» Алматы, Қазақ университеті. 2017ж.
4. Омарова Р.С. «Бабалар жолы-Нұрлы жол» Рухани танымдық құрал Астана, 2017ж.
5. Қасымова Р. «Психология және адам дамуы» Алматы, Қазақ университеті. 2018ж.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Самигуллаева А.Б.

«Педагогика және психология» мамандығының магистры

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Аннотация. В статье раскрывается содержание понятия «профессионализм будущих специалистов», которое находит отражение в современных исследованиях. Он описывает способы, которыми его свойства идентифицируются и используются в различных системах оценки свойств. В работе основное внимание уделяется подходам, основанным на релятивизме и объективности, внутренней и внешней оценке, оценке субъектов. Основное содержание работы составляет изучение и анализ практической значимости определений. На основе полученного материала можно определить основные черты современного образования.

Ключевые слова: профессионализм, профессиональное качество, приоритеты.

Abstract. The article reveals the content of the concept of "professionalism of future professionals", which is reflected in modern research. It describes the methods by which its properties are identified and used in different systems of property evaluation. In the work, the main attention is paid to the approaches, based on relativism and objectivity, internal and external evaluation, evaluation of subjects. The main content of the work is the study and analysis of the practical significance of the definitions. On the basis of the received material is possible to determine the basic drawings of modern education.

Key words: professionalism, professional quality, priorities.

Жалпы білім беретін мекемелердің іс-әрекетінің нәтижелігі, ең алдымен, педагогтар мен психологтарға байланысты. Олардың жеке тұлғалық қасиеттері, педагогикалық білігі, адамгершілік және ақыл-ой парасаты, педагогикалық мәселелерді шешуде шығармашылық ізденіске бой алдыруы, есеюі, өнегелілігі, денсаулығы мен рухани байлығы қоғамның әлеуметтік алғышарты болып табылады.

Жоғары оқу орнында болашақ мұғалімді кәсіби-педагогикалық қасиеттерін дайындау мәселесін О.А.Абдуллина, В.И.Андреев, Э.Ф.Зеер, Н.В.Кухарев, Е.В.Ткаченко, А.В. Усова және т.б. шешкен. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін зерттеуге (И.Я.Зязюн, Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, Н.Н.Тарасович, Г.И.Хозяинов және т.б.) және педагогикалық техниканы жетілдіруге ерекше көңіл бөлінген (Ю.П. Азаров, А.А.Кан-Калик, Л.И. Рувинский және т.б.).

Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім.

Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық.

Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызмет көрсетуге бейімделу ерекшеліктерінің тұжырымдамалық негізі жоғарғы оқу орындарында кәсіби білім беру іс-әрекетін жетілдіреді; психологиялық дайындау процесінің қажеттілігін арттырады.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызмет көрсетуге бейімделу ерекшеліктерін анықтау бойынша алынған мәліметтер жоғарғы мектептегі психоконсультациялық және психокоррекциялық бағытын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сондықтан, студенттердің кәсіби іс-әрекетке әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесі мәселесіне ерекше назар аудару керек. Осы орайда, әлеуметтік-психологиялық бейімделуді студенттің өзі қажетсінуі, осы бағытта өзі белсенді болуы, өзінің ерік сапаларын өзекті етуі керек.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби қасиеттерін қалыптастыру бойынша ізденістер жүргізіп, ерекшеліктерін айқындауды көздеуді жөн көрдік.

Жалпы, Қазақстанда білім алатындарды сапалы іліммен қамтамасыз ету, халықаралық рейтингтердегі білім көрсеткіштерінің жаңалануы мен қазақстандық білім беру жүйесінің жүйріктілігін арттыру үшін, алдымен болашақ педагог мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойынша мансаптық өсуі, кәсіби біліктілігін дамыту мен құзіреттілігін арттыруға үлкен мән берілген. Сондай-ақ болашақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау, ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен зейін қойылған.

Педагогикалық шеберлік жанның орасан еңбегін, тынымсыз ізденіс, рухани және дене күшінің шиеленісуін, өз-өзімен белсенді жұмыс істеуді талап етеді. Мұғалім тұлғасы қасиеттер мен сипаттамалардың жай жиынтығы емес, тұтас динамикалық білім, сондықтан ең алдымен мұғалімнің жеке тұлғасының құрылымы, мұғалімнің кәсіби-маңызды сапалары мұғалімнің кәсіби-бағдарламасымен айқындалатын қасиеттері туралы мәселеге тоқталғанымыз жөн.

Педагогикалық іс-әрекетті нәтижелі орындауға және педагогикалық шеберлікке жетуге ықпал ететін қасиеттерді бөліп көрсетуге болады. Айта кететін жәйт - педагог тұлғасының кәсіби маңызды сипаттамаларының құрамы айтарлықтай кең - ол бірнеше ондаған әлеуметтік сипаттамалармен бірге бірнеше ондаған психологиялық сипаттарды қамтиды. Зерттеуді талдай отырып педагог тұлғасының келесі негізгі кәсіби қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді:

1. Психикалық
2. Дидактикалық (ғылым материалын студенттерге қолжетімді оқу пәнінің материалына өңдеу қабілеті мен қабілеті; тиімді оқыту әдістерінің жүйесін қолдану және дамыту; кері байланысты қамтамасыз ету және т.б.);
3. Перцептивті сапалар (оқушылардың психикалық әлеміне ену қабілеті, психологиялық бақылауы дамыған).
4. Ұйымдастырушылық қасиеттер.
5. Күшті кәсіби қасиеттер (қиындықтарды жеңу, табандылық, төзімділік, шешімділік, талапшылдық және т.б. көрсете білу).
6. Коммуникативті
7. Әдептілік
8. Педагогикалық қиял, зейінді бөле білу.
9. Тұлғаның динамизмі - ерікті түрде әсер ету және логикалық сендіру қабілеті.
10. Эмоционалды тұрақтылық (өзін-өзі басқару қабілеті).
11. Оптимистік болжау.
12. Шығармашылық [1].

Жалпы танылған психологиялық сипаттамалар қатарына педагогикалық ойлау, педагогикалық рефлексия, педагогикалық өзіндік сана, педагогикалық қиял, педагогикалық өзін-өзі бағалау, педагогикалық байқау, педагогикалық болжау, толеранттылық, эмпатия және т.б. жатады (А.К. Маркова).

Педагогикалық ойлау, педагогикалық рефлексия, өз ойын, іс-әрекетін, қарым-қатынасын және т.б. басқара білу неғұрлым дамыған болса, педагогикалық іс-әрекет соғұрлым өнімді, қызықты, нәтижелі болады.

Шынайы өмірде жеке тұлғаның жалпы және ерекше қасиеттері бір-бірінен ажырамастай біріктіріледі, сондықтан зерттеуші ғалымдар мұғалім тұлғасының келесі интегралды сипаттамаларын анықтайды: бағдарлау; білім; мүмкіндіктері; дағдылар [2].

Болашақ педагог-психологтерге өз ісінің маманы болумен қатар, балаға деген сүйіспеншілік, жақсы қарым-қатынас сыйлай беру керек.

Болашақ педагог-психологтар алдында бой көрсеткен әр білім алушының орнын ғана көрмей, олардың іс-әрекетін ойластырып, нәтижелерін алдын ала байқайтын қабілеті болу қажет. Ең ескеретін жәйт, болашақ білім беруші мүмкін жағдайда оқушының артта қалушылығын реттеуін меңгеруі абзал. Өйткені педагог-психологтердің бұл айтарлықтай қасиеттері де маңызды болып табылады.

Сондықтан кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту үшін арнайы әзірленген бағдарлама арқылы кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту, оның ішінде:

- психология студенттері арасындағы тұлға ішілік жанжалдардың ерекшеліктерінің психодиагностикасы;
- жеке психологиялық кеңес беру, өз мәселелерін, олардың себептері мен оларды шешу жолдарын білуге ықпал ету;
- студенттердің белсенді әлеуметтік-психологиялық дайындығы (әлеуметтік-психологиялық тренинг), оның барысында олардың проблемаларын түсіну, жағымсыз тәжірибелерден арылу, тұлға дамуының перспективалық бағыттарын құру, неке қатынастарын құру процесінде туындайтын отбасылық жанжалдарды шешу; тиімді қарым-қатынас және психо-өзін-өзі реттеу салаларында дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру; өз өміріне жауапкершілік көзқарасын қалыптастыру, өзіне деген оң көзқарасты қалыптастыру

және дамыту, сонымен қатар өзін-өзі ашуға, ішкі көзқарасқа деген көзқарасты қалыптастыру [3].

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби қасиеттерін қалыптастыруда ең алдымен, мамандық таңдау мотивтеріне байланысты тұлға ішілік жанжалдарды шешуді қамтамасыз ететін, кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлар мен құралдар айқындалады.

Педагог-психологтың қалыптасуы бүкіл кәсіби қызмет барысында жүзеге асады. ЖОО маманның кәсіби маңызды және тұлғалық қасиеттерінің негізін қалайды, ол кейіннен психологиялық-педагогикалық қызмет процесінде тұлғаның кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.

Болашақ маманның кәсіби көзқарасын қалыптастыру мәселесі бойынша жүргізілген зерттеулердің барлық даусыз теориялық және практикалық маңыздылығымен педагог-психологтың болашақ психологиялық-педагогикалық іс-әрекетіне кәсіби қатынасын зерттеу мәселелері қарастырылғанын атап өткен жөн.

Педагог-психологтың кәсіби қатынасын зерттеуде туындайтын көптеген мәселелердің ішінде оның психологиялық құрамдастарын анықтаумен байланысты мәселелерді зерттеу қажет:

студенттерді оқыту мазмұнының негіздемесімен;

болашақ педагог-психологтың кәсіби көзқарасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтаумен негіздеу керек.

Қоғамның өзінің кәсіби қызметіне оң көзқарасы бар, кәсіби қызметте өзін-өзі жүзеге асыруға, адамдардың мәселелерін түсінуге және шешуге қабілетті педагог-психологқа қажеттілігі мен психология ғылымындағы теориялық алғышарттардың жеткіліксіз ұсынылуы арасындағы қайшылық болып табылады.

Педагог-психологтың кәсіби көзқарасын маманға қажетті кәсіби білім мен дағдыларды игеруге оң көзқарас ретінде қалыптастыру-басты шарттың бірі болып табылады.

Педагог-психологтың кәсіби қасиеттері психологиялық-педагогикалық іс-әрекетке байланысты болғандықтан, оның дамуы мен баюы кәсіби даму процесінде жүзеге асады, ал кәсіби қатынастың психологиялық құрамдас бөліктері кәсіби маңызды және тұлғалық сапалар, болжай білу болып табылады.

Болашақ мамандығы (кәсіби қызметте практикалық дағдылар мен дағдыларды пайдалану мүмкіндіктерін талдау) өзінің кәсіби қасиеттерін эмоционалды түрде қабылдау, университетте оқу процесінде кәсіби көзқарасты қалыптастыру табысты болады, егерде:

- кәсіби қатынастың психологиялық құрамдастарын негіздеу болашақ педагог-психологтарды дайындау мазмұнының оның қалыптасуы үшін маңызы бар мүмкіндіктерін нақтылауға мүмкіндік берсе;

- әртүрлі факультеттердегі студенттерді оқыту мазмұнындағы айырмашылықтарды анықтау кәсіби көзқарасты қалыптастыру аспектісінде оның (мазмұнын) толықтыруларына негіз болса;

- оқу процесін ұйымдастыру білімді, дағдыны меңгеру мотивациясын дамытуды және кәсіби қызметке оң көзқарасты қалыптастыруды қамтамасыз етсе;

- студенттердің кәсіптік білім мен дағдыларды меңгеру процесі түсініксіз және сәйкессіздікте қабылданған кәсіби мәселелерді түсіну және талдаумен біріктірілсе;

- болашақ педагогикалық психологтардың жеке ерекшеліктері ескерілетін болса.

Болашақ мұғалім нормалардың, идеялардың және құндылықтардың мазмұнын толықтырады, өзін-өзі тәрбиелеу арқылы өзіндік сананың бөлігі болып табылады. Өйткені олар өз жолында мәні қоғамдық, жеке құндылықтар мен нормалар деңгейіне жететін идеялар, оларды қоғамдық сананың бір бөлігіне айналдыру маңызды.

Осылайша, адам оның іс-әрекеті мен көзқарасына қажетті жеке стиль жасайды. Стиль, ол-жүйе, адамға өз мақсаттарына аздап жетуге көмектесетін мінез-құлық әдістері, физикалық және психикалық энергияның жұмсалуы.

Қазіргі педагог-психологтың алдына: болашақ өркениетті, дәстүрлі демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, содан кейін оның жан сапасын, тән сапасын арттырып, техникалық прогреске сәйкес жан-жақты қолданбалы білім беру міндеттері қойылады. Әрине сонымен қатар мектептер қаражатпен, техникалық құралдармен, мәдени қажеттіліктермен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Ойымызды қорытындылай келе, кәсіби қасиеттерін қалыптасуының барлық құрылымдық құрамдас бөліктері болашақ мамандардың білім беру ұйымдарындағы қызметіне, атап айтқанда, нақты педагогикалық жағдайларды шеше алу шеберлігіне бағытталған.

Мамандардың кәсіби даярлығы, яғни оның білім беру қызметі барысында иеленген білімі, тәжірибесі, жеке және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын жұмылдыру қабілеті оның нағыз кәсіби керек қасиеттерін қалыптастырып, біліктілігін арттаруды құрайды және оны өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алуымен өлшенеді.

Әдебиеттер

1. Гоноболин Ф.Н. О некоторых психических качествах личности учителя // Вопросы психологии. 1975. № 1;
2. Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. — Л., 1967; Крутецкий В. Н. Психология. — М., 1980.
3. Ливак Н.С. Особенности коммуникативной компетенции психолога в сфере образования. //Педагогическое образование в России. 2019. № 1. - с. 100-104.
4. Асылбекова М.П. Болашақ мамандардың конфликтологиялық мәдениетін қалыптастыру. //II халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары 2013 ж. 14-16 ақпан. Том I. 270-274 б.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ: ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейітқазы Перизат Байтешқызы

П.ғ.д., профессор

Perizatbs@mail.ru

Сүлейменова Жансая Тоқтарқызы

«Педагогика және психология» ББ 2 курс докторанты

Zhansaya_toktarovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан,

Аннотация. Цифрландыру білім беруді ақпараттық ресурстармен біріктіруді көздейді. Жоғары білім беруді цифрландыру жоғары білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие және басқару процесін, күнделікті әлеуметтік тәжірибені трансформациялауды білдіреді, бұл цифрлық ақпарат құралдарына ақпараттың үлкен көлемін ендіру, өңдеу, алмасу және тасымалдау технологияларын енгізуге негізделген.

Түйін сөздер: жоғары білім беру, цифрландыру, цифрлық ресурстар, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, виртуалды білім беру ортасы, аралас оқыту, онлайн білім беру.

Abstract. Digitization involves the integration of education with information resources. Digitization of higher education means the transformation of the educational process and management in the higher education system, everyday social experience, which is based on the